«ТРАНСФУЗИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ»
ШЖҚ РМК

А. Гешубаеваға
пеуімге
ушін

Басқарма Төрағасы С.Ә.Әбдірахманова

ыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК
ониторингінің нәтижелері бойынша
ға арналған
АЛЫҚ ЕСЕБІ

ілас жемқорлыққа қарсы мониторинг
тор субъектісінің атауы: **Қазақстан**
министрлігінің «Трансфузиология
аруашылық жүргізу құқығындағы
рны (бұдан әрі – Орталық).
үргізу құқығындағы мемлекеттік
нысанындағы заңды тұлға болып

Үкіметі Орталықтың құрылтайшысы

меншік субъектісінің Орталықтың
н Республикасы Қаржы министрлігінің
у комитеті жүзеге асырады.
ыратын орган Қазақстан Республикасы
былады.
қызметті жүзеге асыру Орталықтың

мақсаты донорлық, қан, плазма, қан жасушалары мен тіндерді дайындау, қан компоненттерді, препараттарын және диагностикалық стандарттарды өндіру, ағзалар мен тіндерді трансплантауды зертханалық сүйемелдеу, Қазақстан Республикасында қан қызметін дамытуды үйлестіру, сондай-ақ трансфузиология, трансплантация, жасушалық технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті Орталықтың комплаенс-офицері **Н.А.Рахымжанов** жүргізді.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: **2025 жылғы қаңтар-желтоқсан**.

II. АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАМАЛЫҚ БӨЛІМІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 7-бабына, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына» және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы ереженің 5.1-тармағына сәйкес жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 7-бабына,

ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингінің нәтижелері бойынша 2025 жылға арналған

ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕБІ

I. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1. Қызметі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атауы: **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны** (бұдан әрі – Орталық).

Орталық шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Орталықтың құрылтайшысы болып табылады.

Мемлекеттік республикалық меншік субъектісінің Орталықтың мүлкіне қатысты құқықтарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады.

Орталықты басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі болып табылады.

Денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру Орталықтың қызметі мәні болып табылады.

Орталықтың мақсаты донорлық, қан, плазма, қан жасушалары мен тіндерді дайындау, қан компоненттерді, препараттарын және диагностикалық стандарттарды өндіру, ағзалар мен тіндерді трансплантауды зертханалық сүйемелдеу, Қазақстан Республикасында қан қызметін дамытуды үйлестіру, сондай-ақ трансфузиология, трансплантация, жасушалық технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті Орталықтың комплаенс-офицері **Н.А.Рахымжанов** жүргізді.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: **2025 жылғы қаңтар-желтоқсан**.

II. АҚПАРАТТЫҚ-ТАЛДАМАЛЫҚ БӨЛІМІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 7-бабына, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы № 22 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына» және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы ереженің 5.1-тармағына сәйкес жүргізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 7-бабына,

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларының» 6 және 7-тармақтарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мониторингінің мәні сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйі, сондай-ақ Орталықтың сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауы болып табылады.

Орталық ашықтық пен жариялылық қағидаттары ұстанады. Осылайша, Орталықта өз spct.kz корпоративтік интернет-ресурсы бар. Ол Орталықтың жетістіктері мен нәтижелері туралы баспасөз хабарламаларымен үнемі жаңартылып отырады. Осы ресурсқа қолжетімділік шектелмеген.

Басқарма төрағасының блогы жұмыс істейді, мұнда интернет-ресурсқа кез-келген кіруші өзін қызықтыратын сұрақты қоя алады немесе өтініш, шағым жібере алады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сәйкестік қызметінің функцияларын қамтамасыз ету үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің бар-жоғы.

Орталық «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің болуы туралы талабын сақтауды қамтамасыз етті. Бұл Орталықтың комплаенс-қызметі, ол өз кезегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігі қағидатын қамтамасыз ететін Орталықтың Байқау кеңесіне ғана бағынады.

Бүгінгі күні комплаенс-қызметі бір штаттық қызметкерден – комплаенс-офицерден тұрады, оның мәліметтері Орталықтың корпоративтік интернет-ресурсының «Комплаенс-қызметі» бөлімінде орналастырылған.

Комплаенс-офицер Орталыққа 2024 жылғы қаңтарда жұмысқа қабылданды. 2024 жылғы ақпан айында Орталықтың Басқарма төрағасы оның лауазымдық нұсқаулықтарын, ал Орталықтың Байқау кеңесі комплаенс-қызметінің жұмыс жоспарын жыл сайын бекітеді.

Комплаенс-қызметінің мақсаттары, жұмысты ұйымдастыру қағидаттары мен функциялары Байқау кеңесінің шешімімен бекітілген (2024 жылғы 26 шілдедегі № 10 хаттама) осы бөлімше туралы Ережеде көзделген.

Комплаенс-қызмет денсаулық сақтау министрлігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметі атынан уәкілетті ведомстволармен Орталықтың қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасағаны үшін жауапты.

Орталықтың лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлығы немесе теріс пайдалану жағдайлары туралы өтініштері мен жарияланымдары

Бақыланатын кезеңде Орталыққа ұйымдардан және мемлекеттік мекемелерден келіп түсетін құжаттама, жеке және заңды тұлғалардан Орталықтың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас

жемқорлық көріністері немесе теріс пайдаланулары туралы жағдайлар немесе мәліметтердің болғаны туралы өтініштер **тіркелмеген.**

Бақыланатын кезеңде заңды тұлғалардың өкілдерінен немесе азаматтардан **astana.donor@mail.kz, rakhimzhanov.n@list.ru** электрондық пошталарына немесе **8-776-1875461** сенім телефонына Орталықтың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері әрекеттеріндегі теріс әрекеттер немесе сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарламалар **түскен жоқ.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру тәрбиелік, ақпараттық және ұйымдастырушылық шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Орталық өз қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау жөніндегі сабақтарды мен басқа да ақпараттық-түсіндіру шараларын жүйелі түрде өткізеді. Өткізілген іс-шаралар бойынша есептер Орталықтың сайтында уақытылы жарияланады.

Байқау кеңесінің шешімімен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 285 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген орталықтың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілді.

Қарастырылып отырған кезеңде Орталық қызметкерлерімен Әдеп және қызметтік мінез-құлық нормаларын сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген тыйымдарды, шектеулер мен талаптарды сақтау, оның ішінде сыйлықтар алуға, өзге де ақылы жұмыстарды орындауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу туралы хабарлау міндетіне қатысты ұйымдастыру-түсіндіру іс-шаралар кешені жүргізілді.

Орталықтың ресми сайтындағы «Комплаенс-қызметі» бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі барлық ақпарат және құжаттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарлары, аңдатпалар және қызметі туралы есептер орналастырылған. Сайттың бұл бөлімі үнемі толықтыруда.

Орталықтың бас ғимаратының бірінші және екінші қабаттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл материалдарымен ақпараттық стендтер орнатылды («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, Комплаенс-қызметі туралы ереже, Орталық қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық, Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы ереже, Орталықтың іскерлік әдеп қағидалары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері мен ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету тәртібі, ҚР Қылмыстық кодексінен үзінділер).

Орталық қызметінің негізгі бағыттарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша білімді насихаттау, оның ішінде сабақтар мен семинарларды өткізу.

Осылайша, 2025 жылдың басынан 9 семинар мен дәріс ұйымдастырылды, оның барысында Орталықта қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері қаралды.

Қаржылық бақылау шаралары.

Жалпыға бірдей табыс декларациясының екінші кезеңі шеңберінде квазимемлекеттік ұйымдарда басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғалар мен олардың жұбайлары 2025 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей табыстары мен мүлкі туралы декларацияны тапсыруға міндетті болды (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңның 11-бабы). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг барысында аталған қаржылық бақылау шараларының сақталғаны анықталды: Басқарма мүшелері мен олардың жұбайлары 15 қыркүйекке дейін аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына кірістер мен мүлік туралы декларацияларын тапсырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңның 12-бабына және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес Орталықта басқарушылық функцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың бұрын қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы мынадай шектеулерді сақтауды қамтамасыз етеді:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;

5) «Ойын бизнесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген анықтамаға жататын ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу, сол сияқты құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге сол үшін бөлінбеген орындарда қатысу немесе телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы өткізілетін құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау.

Мониторинг барысында Орталықта немесе оған теңестірілген басқару функцияларын жүзеге асыратын тұлғалардың аталған шектеулерді бұзу фактілері **анықталған жоқ.**

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарды квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа қабылдауға тыйым салуды сақтау.

2021 жылғы 11 қаңтардан бастап «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 393-VI Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған адамдарды квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа қабылдауға тыйым салынды. Осы тыйымның сақталуын қамтамасыз ету үшін Орталыққа жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық қылмысының жоқтығы туралы анықтама сұратылады.

Мониторинг барысында жоғарыда аталған заңнамалық тыйымды бұзу фактілері **анықталған жоқ.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау.

Орталықтың Басқарма төрағасының 2025 жылғы 21 ақпандағы № 94 п/қ бұйрығының негізінде Орталықтың комплаенс-офицерінің 2025 жылға арналған жұмыс жоспарының 10-тармағын орындау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

Өткізілген СЖТІТ барысында Орталықтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады, сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормалар, қайшылықтар, дискрециялық өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін ережелер табылмады.

СЖТІТ қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекелдеріне әкелетін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарымен бірге сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім Орталықтың лауазымды тұлғаларының тізімі әзірленді. Бұл жоспар толығымен орындалды. Алынған материалдардың негізінде сыбайлас жемқорлық картограммасы әзірленді.

Орталықта бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер анықталған жоқ.

Бастамалық хабардар етуету желісін енгізу және бастамалық хабарландыруға арналған байланыс құралдарын оңтайландыруды қамтамасыз ету мақсатында Орталықтың веб-сайтында комплаенс-офицерінің сенім телефоны (WhatsApp мессенджерімен) орналастырылды. Оған азаматтар Орталық қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықтық бұзушылықтар туралы тәулік бойы (қаласа жасырын түрде) хабарласа алады.

Орталықта қызметкерлер мен үшінші тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың болжамды бұзылуы туралы алаңдаушылық білдіре алатын құпия хабарландыру арналары, оның ішінде «шұғыл желі» жұмыс істейді. Шұғыл желінің байланыс нөмірлері Орталықтың корпоративтік веб-сайтында және ақпараттық стендтерде орналасқан.

Өтініштерді ұсыну, қарау тәртібі және ақпарат беру механизміне қатысты басқа да ережелер Орталық қызметкерлерінің фактілер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы болжамды бұзушылықтарв туралы хабарлау тәртібінде белгіленген.

Орталық өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, оның ішінде қызметкердің жұмыс орны сақталатынына кепілдік береді.

Жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерін қабылдайтын пошта жәшіктері орнатылды. Комплаенс-офицер Басқарма төрағасының бұйрығымен хат-хабарларды алу және ашу жөніндегі комиссияның құрамына енгізілді.

Сонымен қатар, комплаенс-офицер Орталыққа Instagram, 2GIS, Fasebook қосымшалары арқылы келіп түсетін хабарламаларға мониторинг жүргізеді.

Қаралып отырған кезеңде Орталық қызметінің бағыттары бойынша рәсімдерді ұйымдастырудың белгіленген тәртібі мен қағидаларын бұза отырып, сыбайлас жемқорлық сипатын бұзу және шешім қабылдау мәселелері бойынша өтініштер түскен жоқ.

Kompra.kz және adata.kz сервистерін пайдалана отырып, 2023-2024 жылдардағы мемлекеттік сатып алу конкурстарын жеңіп алған мердігерлерге кешенді тексеру жүргізілуде. Сонымен қатар Орталықтың лауазымды тұлғаларына, оның ішінде маркетинг және мемлекеттік сатып алу бөлімі қызметкерлеріне сәйкестікке тексеру жүргізілді.

Тексерулердің нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықты немесе өзге де бұзушылықтар **анықталған жоқ.**

Құпия сауалнама

Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарасын және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл маңыздылығын анықтау үшін 2025 жылғы 8-16 қыркүйек аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Орталық қызметкерлері арасында құпия сауалнама жүргізілді.

Жалпы, құпия сауалнаманың нәтижелері Орталықта сыбайлас жемқорлықтың кең тараған фактілерінің жоқтығын көрсетеді. Көптеген қызметкерлер ешқандай бұзушылықтарға тап болған жоқ және ұжымды әдепті деп санайды. Дегенмен, қызметкерлердің үштен біріне жуығы процестердің толық ашықтығына күмәнданады және сыбайлас жемқорлықтың жоқтығына сенімсіз. Бұл бақылау механизмдеріне сенімнің төмен болуына байланысты жасырын тәуекел аймағын қалыптастырады.

Сауалнамалар үш осал бағытты анықтады: мемлекеттік сатып алу, кадр жұмысы және шаруашылық қызмет. Бұл бағыттар күшейтілген комплаенс-бақылауды қажет етеді. Сауалнама кейбір қызметкерлердің регламенттер мен кері байланыс арналары туралы хабардар болуындағы кемшіліктерді анықтады, бұл қызметкерлердің бұзушылықтар туралы хабарлауға дайындығын шектей алады.

Ұжым сыбайлас жемқорлықтың салдарын анық түсінеді. Олар мемлекетке деген сенімді жоғалтуды, адам құқықтарын бұзуды ең қауіпті деп санайды. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептері жазасыздық, қаржылық қиындықтар және құқықтық сауаттылықтың төмендігіне байланысты. Бұл жүйелі оқыту мен түсіндіру жұмыстарының қажеттігін көрсетеді.

Қызметкерлердің жартысы жуығы мансаптық перспективаларды көрмейді. Бұл мотивацияны төмендетеді және бейресми тәжірибелер үшін жағдай қалыптастырады. Басшылықтың тиімділігін бағалауға қанағаттанбағандардың үлесі де байқалуда. Осы факторлар субъективтілік пен болжамды фаворитизм қаупін тудырады.

Қорытынды: Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мәдениет орын алуда, алайда құрылымдық тәуекелдер кадрлық шешімдерде, сатып алуда және қызметкерлердің комплаенс жүйесіне сенім дегенде құрылымдық тәуекелдерді сақтайды. Ашықтық, оқыту, стандартталған процедуралар және тұрақты байланыс қажет.

III. Қорытынды бөлім

Қорытынды:

1) Жүргізілген мониторингінің нәтижелері бойынша Орталық қызметінде жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын факторлар анықталған жоқ;

2) Уәкілетті органдардың мамандарын тарта отырып, Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы негіздерін үйретуді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу қажет, оның ішінде этика, мүдделер қақтығысының алдын алу, әрбір қызметкердің жеке жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері;

3) қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзгерістер мен жаңалықтар туралы үнемі хабардар ету арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жұмыстарын тұрақты жүргізу қажет;

4) Орталықтың ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының сақталуын бақылау қызметін объективті бағалау мақсатында тиісті әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру;

5) 2026 жылға белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауды қайта жоспарлау;

6) СЖТІТ және қызметкерлер құпия сауалнаманың нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім деп анықтаған Орталық қызметіне назар аудару және қадағалауды күшейту;

7) кадр қызметіне өз жұмысында осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін ескеру;

8) Орталық қызметінің ашықтығы қағидатын іске асыру үшін осы жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін Орталықтың корпоративтік интернет-ресурсында орналастыру.

Комплаенс-офицер **Н. Рақымжанов**

2025 ж. «10» желтоқсан